Еуразия гуманитарлық институтының газеті

# ЖАС Ұрпақ

№ 54, 2013 ж. желтоқсан

## Жаңа жылыңызбен!

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Ұлу жылында Отанымыз – Қазақстан Республикасы ұлтымыздың ұлы мұраты жолында биік белестерді бағындырып, өз халқының ынтымақ-бірлігін сақтап, береке-байлығын еселеп, көрші мемлекеттермен тату-тәтті қарым-қатынаста болып, әлем назарының құрметіне бөленді.

Өздеріңіз еңбек етіп, білім алып жатқан Еуразия гуманитарлық институтының да ұжымы еліміздің қол жеткізген табыстарына өз үлесін қосып, қазіргі жоғары білім беруге қойылып отырған заманауи талаптарды абыроймен жүзеге асырып, жарқын болашаққа сеніммен бара жатқанына мен бек қуаныштымын.

Алтын жалды арман тұлпарымыз Жылқы жылы да шабысынан жаңылмай, үнемі бабын сақтап, білім мен ғылым аламанының жеңімпазы болсын! Барлығыңызға шын жүректен мықты денсаулық, сәулелі ғұмыр, баянды бақыт, үздік білім, нәтижелі шығармашылық табыс тілеймін!

Құрметпен, ректор, академик
А.Қ. Құсайынов

# 16 ЖЕЛТОҚСАН - ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ КҮНІ



1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына қол қойды. Бұл айтулы күн еліміздің тұрғындары үшін мереке болып табылады.

Қазақстандықтардың жүрек төрінде еліміздің тәуелсіздігін әлем мемлекеттерінен бірінші болып танып, қуанышымызды бөліскен туысқан Түрік Республикасының ыстық ықыласы әрдайым сақталатыны хақ.

Қазақстан Республикасын тану туралы мәселе Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісінің күн тәртібіне кезектен тыс қойылып, қуанышты хабар жарты сағат өтпей Қазақстанға жетті. Туысқан Түркия Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевқа Алматыда тіркелген елшілер арасында бірінші болып сенім грамотасын тапсырды.

Келесі күні, яғни 17 желтоқсанда Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасы Президенті: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік. Қуанышымыз ұзағынан болсын, ардақты ағайын!»,-деп жиналған сан мыңдаған адамдар алдында тебірене ойын жеткізді.

Әрине, бұл күнге халқымыз өзінің өміршеңдігі, күрескерлігі әрі парасаттылығымен жетті. Ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен біртіндеп дербестігінен айырылған қазақ хандығының көрнекті ұлт өкілдері тәуелсіздікті қалпына келтіру мен азаттық қағидаларын барынша ел зердесіне сақтауда ерен табандылық пен байсалдылық танытып отырды. Оған өткен тарихи жолымыз куә. Қазақ мемлекеттігі үшін кемел жасында опат болған хан Әбілқайырдан бастап 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы күндерінде әміршіл тоталитарлық жүйеге қасқая ашық қарсылық көрсеткен қазақ жастарына дейінгі аралықтағы жылдарды қазақ елінің өз еркіндігі мен бостандығы жолындағы күрес дәуірі деп атауға болады.

Әрине, Тәуелсіздікке жету қаншалықты қиын болса, оны ұстап тұру соншалықты күрделі екені де анық. Оның бекуі шынайы жарасымдылық пен гуманистік ұстанымдарға адал болумен байланысты. Қазақстанда ондай негіздер орныққандығы туралы Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан Тәуелсіздігінің бірінші жылдығына арналған митингіде Алматының төртінші такси паркінің жүргізушісі, Халық депутаттары қалалық кеңесінің депутаты Е.Казачев: «Қазақстан халқының арасындағы достық болған, бар және бола береді. Осы жерде, біздің ортақ Отанымыздың жерінде біз тату-тәтті тұруға, оның игілігі мен гүлденуі үшін күресте бірігуге тиіспіз. Бәріміз құрметтейтін Президенттің, Республика Үкіметінің, оның бүкіл халқының күш-жігері арқасында біз қазіргі қиыншылықтарды табыспен жеңетінімізге сенемін»,- деп мәлімдеді.

Сонан бері, міне, 22 жыл өтті. Қазақстан байсалды ішкі және сыртқы саясатымен өзінің дербес мемлекет ретінде әлем қауымдастығымен бірге өмір сүруге қабілетті екенін танытты.

Қазақстан халықаралық өмірде бірнеше маңызды бастамасымен абыройлы беделге ие болуда. Еліміз осы жылдар ішінде көптеген елдермен екі және көпжақты келісімдер жасап, оларды мемлекетіміздің жоғарғы өкілетті органы Парламенті арқылы ратификациялады. 1990 жылы Ресеймен жасалған ең бірінші шарттан бастау алатын ратификацияланған отандық шарттар саны қазір мыңнан асып, отандық заңнамамыздың қомақты бөлігіне айналды.

Тәуелсіз мемлекеттілікті қастерлей білу қажеттілігі туралы академик С. Зимановтың «Егемен Қазақстан» газетінің 1995 жылы 24 қаңтарда жарияланған «Мемлекеттілік шаңырағы шайқалмасын» атты мақаласындағы «Қазақстандағы ұлттық мемлекеттігімізді барған сайын жетілдіріп, нығайта түсу жөнінде қажымай талмай айта беру әрі орынды, әрі қажет. Өйткені мұның өзі көп ұлтты қоғамымыздың мүддесіне игі қызмет ететін барынша сенімді, неғұрлым тиімді жүйе жасауымызға мүмкіндік береді» деген тұжырымының қазіргі кезеңде де маңызды екенін Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Қ. Сұлтановтың үстіміздегі жылғы 8 желтоқсан күні қазақ теледидарына берген сұхбатындағы «Жастарға отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін дарыту, адамгершілік пен ізгілік қағидаттарын берік ұстануды насихаттап, шыңдау – Тәуелсіздігіміздің кепілдігі» деген пайымдауы онан әрі бекіте түседі.

Мемлекетіміздің Тәуелсіздігін баянды етуге Еуразия гуманитарлық институтының да қосатын өзіндік үлесі бар. 1995 жылы бой көтерген оқу орны бүгінде саны жағынан да, сапасы жағынан да жоғарғы көрсеткіштерімен сипатталады. Тек бір дерек келтірсек жеткілікті. Егер 1999 жылы ЕАГИ-дің бірінші түлектері 40 адам болса, биыл олардың саны 607-ге жетті.

Еуразия гуманитарлық институтын бітірген мамандар мемлекеттігімізді онан әрі нығайту жолында келелі табыстармен ұжымымызды, қоғамымызды қуанта берсін, халқымызға қастерлі де қымбатты мереке құтты болсын!

Қ.З. Ыдырысов,
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты

# Тәуелсіздік - ел тұғыры!

Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Қазақстанның биік табысына қол жеткізген президенттік билік және осы жылдары мемлекетті басқарған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың дара тұлға екеніне де ешкім күмәндана алмайды.

16 желтоқсан – еліміздің егемендігін жариялаған күн. Сол күні көгімізде Тәуелсіздік туы желбіреді. Содан бері 22 жылға таяу уақыт өтті. Осы өшпес жылдар белесінде Қазақстан экономикасы қарыштап дамыды. Саясаттағы сындарлы бағыт өз жемісін беруде. Береке-бірліктің арқасында әлем таныған іргелі мемлекетке айналдық.

Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Қазақ елі талай белестерді бағындырды. Желтоқсанда жарқ еткен жалынды жастар қазаққа азаттық таңын сыйға тартқандай болды. Осылайша күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды десек, қателеспейміз. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үнемі тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Сондықтан о бастан-ақ рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес еді. Мұны бұрынғылар жақсы түсінді.

Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін оның өз заңдары мен талаптары болуы қажет. Осы негізде Ата заңымыз қабылданып, Ата заңға сүйене отыра қоғамдық келеңсіздіктерді реттейтін, адам құқықтарын қорғайтын заң жобалары қабылдана бастады. Қабылданған заңдарды жүзеге асырушы сот билігі өз біліктіліктерін көрсете білді. Сонау тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазіргі сот саласының айырмашылығы жер мен көктей. Техника мен өркениеттің дамыған заманына түспа-түс келген біздің егемендігіміз қарыштап дамуда. Алға қарай ілгерілеу мақсатында судьялар мен сот мамандарына қажетті жағдайлар жасалып, сот мәжілістерін өткізу заманауи техникамен жабдықталып өткізілуде. Әрбір сотқа қатысушы тараптар сот шешімдерін ғаламтор арқылы оқи алады. Қазіргі техниканың дамыған заманында заңды білмейтін азамат кемде-кем. Жылдан-жылға дамып, өркендеп келе жатқан біздей жас мемлекеттің алдағы жетістіктері өте мол деп нық сеніммен айтуға болады.

Өткен жиырма екі жылдың ішінде не атқардық деген сауал туса, тізбектеп сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сан ғасырға жетерлік іс тындырылды және жүзеге асырылды. Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болып қадам басып, әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді. Қазақстан Республикасы адамдардың өмір сүру деңгейінің көтерілуі мен жұмыспен қамтамасыз етілуіне, саяси тұрақтылық пен азаматтардың топтасуына негізделген мемлекет болып, бүгінгі күні қоғамдық өмірдің барлық салаларында алға басушы ел ретінде танылып, экономикасы, білімі және мәдениеті тұрақты мемлекеттер қатарынан көрінуде. Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап, құқықтық мемлекет құруды таңдағаны мәлім. Осы аяда елімізде сот жүйесін реформалау басталды. Бұл тұрғыда 1995 жылы халықтың қолдауымен қабылданған жаңа Конституцияның алар орны бөлек. Ата заңымыз елімізді өтпелі кезеңде тура жолынан тайдырмай, өзінің тұтастығы мен ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етті. Осының бәрі тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады. Туы көкте қалықтаған, ынтымағы жарасқан ел болайық!

А. Блялова,
ЮКС-3-3 тобының студенті

## ХРОНИКА СТУДЕНЧЕСКОЙ ЖИЗНИ

### ОКТЯБРЬ

**3 октября** – прошла встреча руководителей вуза со студентами выпускного курса, сдающих ВОУД. На встрече руководство вуза рассказало студентам о важности подготовки и сдачи ВОУД. Студенты задали интересующие их вопросы.

Студенты 1 курса специальностей «Переводческое дело», «Юриспруденция», «История» вместе с преподавателем истории М.М. Джанпеисовой посетили Мемориальный комплекс и музей памяти жертв политических репрессий в с. Акмол.

**4 октября** – в конференц-зале института прошел концерт, посвященный Дню Учителя.

**9-10 октября** - во дворце «Жастар» прошел полуфинал межрегиональной лиги КВН. Команда ЕАГИ «Париж» по итогам двух дней игр, заняв второе место среди восьми команд–участниц, прошла в финал.

**17 октября** – состоялась встреча студентов 1-2 курсов с представителями ОФ «Елорда жастары» при Управлении внутренней политики акимата г. Астаны по разъяснению Послания «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства». Особое внимание в ходе встречи было уделено вопросам борьбы с деструктивными религиозными течениями и организациями.

**18 октября** – преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин Ф.Т. Байболатова вместе со студентами групп ЮК-2-16, ЮК-3-15, ЮКС-2-4 специальности «Юриспруденция» принял участие в телепередаче «Алаң» на национальном телеканале «Казахстан» на тему «Қылмыстық Кодексті ізгілендіру өз нәтижесін берді ме?». Студенты высказали свое мнение по проблемам гуманизации Уголовного кодекса.

**22 октября** - в Евразийском гуманитарном институте состоялась встреча лидеров комитета по делам молодежи с г-ном Хольгером Кусе, профессором Дрезденского Технического университета (Германия), руководителем проекта по студенческому самоуправлению, реализуемого при поддержке Европейской комиссии. Председатель КДМ Нұргүл Тырнахан рассказала гостю о приоритетах государственной молодежной политики в Республике Казахстан, а активисты КДМ Тендик Байкенов, Анар Сарсембай и Перизат Оңғарбек представили деятельность КДМ ЕАГИ. В ходе встречи были намечены перспективы сотрудничества между органами студенческого самоуправления ЕАГИ и европейских вузов.

**29 октября** – студенты 2 курса групп КЯЛ-2-12, КЯЛ-2-13, ИЯ-2-9, ИЯ-2-10, Ф-2-24 вместе с сотрудником деканата Э.Б. Шайхсламовой приняли участие в торжественных проводах призывников для прохождения срочной службы в рядах ВС РК в рамках патриотической акции «Молодежь Астаны и армия - едины».

Состоялась встреча студентов 1 курса с сотрудниками автошколы «Форсаж-Астана»: директором автошколы Д.М. Тургужиновой и преподавателем правил дорожного движения К.Г. Бисембаевым, на которой была прочитана лекция по правилам дорожного движения на тему «Пешеход на дороге». Студентам было рассказано о проблемах предупреждения нарушений правил дорожного движения пешеходами.

**30 октября** - на кафедре экономических и математических дисциплин прошла конференция в рамках Дней духовного согласия народа Казахстана. Участники конференции обсудили вопросы межнациональных отношений в стране, затронули проблему борьбы с терроризмом и экстремизмом в мире.

### НОЯБРЬ

**1 ноября** – студент 2 курса специальности «Казахский язык и литература», председатель дебатного клуба «ЕАГИ - ВИКТОРИЯ» Жуандық Мағауия получил сертификат за участие в республиканском дебатном турнире «Мәңгілік ел».

**2 ноября** – студенты и преподаватели института приняли участие в открытии 16 фестиваля творческой молодежи «Шабыт» во Дворце мира и согласия.

**окончание на стр. 2**

**4 ноября** – в ЦКЗ «Казахстан» прошел общегородской праздник «Посвящение в студенты», в котором приняли участие студенты 1 курса совместно с кураторами и администрацией института. Студентам 1 курса были вручены студенческие билеты представителями маслихата г. Астаны. В рамках праздника состоялся праздничный концерт, в котором приняли участие звезды казахстанской эстрады.

**5 ноября** – студенты группы ИЯК-2-7 и ИЯСК-2-1 вместе с куратором С.Е. Давлетовой приняли участие в записи телепередачи «Аймақтар аламаны» на телеканале «Хабар».

**8 ноября** – во дворце «Жастар» прошел финал межрегиональной лиги КВН. Команда ЕАГИ «Париж» заняла 5-е место.

**10 ноября** – студенты 1-2 курсов ЕАГИ приняли участие в качестве болельщиков в финале «Кубка Казахстана по футболу–2013» на стадионе «Астана-Арена», проводимого в рамках празднования 100-летия казахстанского футбола. В праздновании знаменательной даты принимали участие Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, члены Правительства, президент УЕФА Мишель Платини и другие высокопоставленные гости из УЕФА и ФИФА.

**11 ноября** – студентка 3 курса специальности «Казахский язык и литература» Дана Сайлаубекова успешно выступила с докладом «Явления фольклорной циклизации в эпосе «Огуз каган» на Международной научно-практической конференции «Наука в современном мире: теория и практика» в г. Уфа (Россия, Башкортостан) и получила сертификат. Научным руководителем является магистр, ст. преподаватель кафедры казахской и русской филологии Г. Сағынадин.

**14 ноября** – в конференц-зале Евразийского гуманитарного института прошел традиционный внутривузовский праздник «Посвящение в студенты». Мероприятие состояло из торжественной части и концерта, подготовленного силами комитета по делам молодежи. Все присутствующие в зале исполнили Гимн ЕАГИ. Студенты первого курса выслушали пожелания старшекурсников и произнесли клятву. В концертной программе приняли участие танцевальный коллектив «Шаттық», домбровый ансамбль «Серпер», студия вокала, вокально–инструментальная группа, коллектив современного танца, поэтический клуб, театральная студия. Завершилось мероприятие ФЛЕШМОБОМ с участием всех первокурсников.

**15 ноября** – в Евразийском гуманитарном институте по инициативе кафедры экономических и математических дисциплин прошло праздничное мероприятие, посвященное 20-летию Национальной валюты тенге. Студентами кафедры был организован праздничный концерт, а участники клуба «Қаржыгер» презентовали фоторепортаж об истории эволюции тенге. С поздравительной речью выступила заведующая кафедрой, к.э.н., доцент И.В. Порядина, которая вручила всем выступающим студентам благодарственные письма и грамоты победителям конкурса стенгазет.

**16 ноября** – студенты групп ПМНОК-2-1, ИК-2-3, ЮК-2-16, ЮР-2-15 приняли участие в общегородском субботнике.

**19 ноября** – студенты 3 курса специальности «Казахский язык и литература» вместе с преподавателем Г. Сагынадин и председателем КДМ Н. Тырнахан приняли участие в записи телепрограммы «БІЗ» на телеканале «Хабар». Студенты высказали свое мнение по проблеме исполнения требований закона, связанных с уличной рекламой и названиями улиц.

**22 ноября** – в стенах нашего института состоялась встреча с доктором юридических наук, профессором, заслуженным работником МВД РК А.Н. Ахпановым по обсуждению Проекта нового Уголовно-процессуального Кодекса РК.

**26 ноября** – преподаватели кафедры казахской и русской филологии Қ.А. Мамаділ, А.Е. Абдрахманова, А.Б. Шормакова, А.Т. Сандыбаева приняли участие в Международном научном тренинге «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері», проводившемся на кафедре казахской литературы филологического факультета Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. По окончании тренинга им были вручены сертификаты.

**29 ноября** – студенты специальности «Юриспруденция» А. Турсынбай, М. Әзім, Б. Иманбеков, А. Тілеуберді приняли участие в дебатном турнире «Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» среди высших учебных заведений, который состоялся на базе Академии финансовой полиции в рамках реализации организационно-практических мероприятий по борьбе с экономической преступностью и коррупцией.

**30 ноября** – В стенах нашего института прошло торжественное мероприятие, посвященное Дню Первого Президента.

## ДЕКАБРЬ

**3 декабря** – доцент кафедры педагогики, к.п.н. Т.Н. Кемайкина и студентка 4 курса специальности «Педагогика и психология» Т. Раменская приняли участие в семинаре-тренинге Всемирной организации здравоохранения на тему «Актуальные вопросы развития добровольного безвозмездного донорства крови в Казахстане». На данном семинаре-тренинге была проведена презентация разработанной ими программы обучения волонтеров «Стань донором – подари жизнь!», получившей высокую оценку международных экспертов.

**4 декабря** – в конференц-зале Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева состоялся городской студенческий айтыс под названием «Ең бірінші бақытым», в котором приняли участие студенты 2 курса нашего института специальности «Казахский язык и литература» Сырым Әуезхан, Таңжарық Ержанұлы.

**5 декабря** – прошел танцевальный конкурс «Танцуй! Танцуй!», в котором приняли участие преподаватели и студенты кафедр Евразийского гуманитарного института.

**12 декабря** – прошло торжественное собрание, посвященное Дню Независимости Республики Казахстан.

Материалы рубрики подготовлены
Асель Кульжановой

# XVI ВЫЕЗДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКЕ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев уделяет огромное внимание развитию молодежной политики в стране. Так, в 2008 году был создан Совет по молодежной политике при Президенте РК. С момента создания Совет рассмотрел десятки различных вопросов и разработал сотни рекомендаций. Члены Совета участвовали в обсуждении государственных программ и проектов, связанных с молодежью, например, в области образования. Начиная с 2012 года, Совет начал практиковать выездные заседания в различных регионах нашей республики.

28-29 октября прошло XVI выездное заседание Совета по молодежной политике при Президенте Республики Казахстан под председательством Габидуллы Абдрахимова в г. Павлодаре.

В заседании приняли участие аким Павлодарской области Е.М. Арын, заместитель Председателя Агентства Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры Т.К. Есентаев, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан V созыва М.М. Бегентаев и др. Организаторами заседания явились Секретариат Совета по молодежной политике при Президенте Республики Казахстан и Управление по вопросам молодежной политики Павлодарской области.

Я, Айслу Копенова, студентка группы ЮКС-2-4, как сотрудник секретариата Совета, приняла непосредственное участие в организации данного заседания.

Ключевой темой выездного заседания явилось развитие спортивной инфраструктуры и вовлечение молодежи в спорт.

Был проведен ряд мероприятий по данному направлению: круглый стол, встреча с молодежью (работающей молодежью, сельской молодежью, студенческой молодежью, молодыми предпринимателями, молодыми работниками бюджетной сферы), заседание экспертных клубов и итоговое пленарное заседание.

По итогам работы был сформирован пакет рекомендаций по развитию спортивной инфраструктуры и вовлечению молодежи в спорт, который был презентован на Пленарном заседании XVI выездного заседания Совета по молодежной политике при Президенте Республики Казахстан 29 октября. Пленарное заседание проходило в режиме онлайн трансляции. С видеоматериалом можно ознакомиться на сайте zhaskenes.kz.

Совету в этом году исполнилось 5 лет. В рамках празднования 5-летия был организован комплекс мероприятий, в котором я приняла активное участие. Хотелось бы поставить акцент на серии семинаров в рамках долгосрочной обучающей программы «Совершенствование форм межведомственного взаимодействия по реализации государственной молодежной политики» для руководителей и сотрудников данных государственных структур.

15-16 ноября текущего года на базе Академии государственного управления прошли заключительные семинары по теме «Партнерство в сфере молодежной политики: потребности и ожидания». В семинаре приняли участие заведующий сектором Отдела внутренней политики Администрации Президента Республики Казахстан, Секретарь Совета Абай Айдын Муратулы, заместитель председателя Комитета по делам молодежи Министерства Образования и науки Республики Казахстан Еркин Кулымбаевич Уйсимбаев, руководители Управлений по вопросам молодежной политики регионов. Проведена серия семинаров-тренингов, нацеленная на закрепление изменений по формированию эффективной системы государственной молодёжной политики, произошедших с прошлого года, что придало новый импульс деятельности государственных органов и институтов гражданского общества по структурированию регулятивных, организационных и иных механизмов работы.

Также в рамках празднования 5-летия Совета по молодежной политике при Президенте Республики Казахстан 21 ноября текущего года в медиацентре



«Қазмедиа орталығы» состоялся Республиканский молодежный медиа форум «Жас медиа».

В мероприятии приняли участие молодые журналисты, блогеры, освещающие жизнедеятельность молодежи во всех регионах страны.

В рамках медиа-форума прошли мастер-классы с привлечением высококвалифицированных специалистов, на которых были рассмотрены вопросы повышения эффективности обмена информацией между молодыми журналистами, блогерами и молодежными организациями, реализации государственной молодежной политики на республиканском и региональном уровнях на современном этапе развития общества с использованием социальных сетей. Также состоялось награждение победителей республиканского творческого конкурса «Твой взгляд» и в целях поощрения лучших молодых представителей СМИ – вручение премии «Рахмет», учрежденной организаторами мероприятия.

29 ноября текущего года меня пригласили принять участие в форуме, посвященном 20-летию Международной стипендии Президента РК «Болашақ» с участием Президента. На форуме была установлена онлайн связь с Шанхаем, Лондоном и Вашингтоном. Выступили наши студенты, выехавшие на обучение за рубеж.

12 лет назад первыми выпускниками была создана Ассоциация стипендиатов международной стипендии Президента РК «Болашак», куда сегодня входят около 10% выпускников стипендии. Общественное объединение особое внимание уделяет развитию экспертного сообщества. В сентябре стартовал проект по формированию отраслевых экспертных сетей вокруг специализированных институтов. В on-line режиме действуют экспертные группы в сфере информационно-коммуникационных технологий, нефтегазовой отрасли, биотехнологии и энергетики, которые объединили на четырех дискуссионных площадках более 300 экспертов. Проект официально презентован на Форуме «Инновационное десятилетие» в отдельной сессии. Состоялся качественный диалог руководителей отраслевых институтов, экспертов, выпускников программы «Болашак».

30 ноября я приняла участие в организации и проведении неформальной встречи, организованной в целях развития международного сотрудничества Совета по молодежной политике при Президенте Республики Казахстан с представителями международных организаций и дипломатического корпуса. В ходе встречи было организовано знакомство с деятельностью Совета по молодежной политике при Президенте Республики Казахстан, презентация Фонда молодежных инициатив и научно-исследовательского центра «Молодежь».

А. Копенова,
студентка группы ЮКС-2-4

# КІТАПХАНАДАҒЫ ПОЭЗИЯ ТҮНІ

Біздің институтта болашақ жас мамандардың жан-жақты болып қалыптасуына көп көңіл бөлінеді. Күнделікті оқудың ауыр жүгін көтеріп шаршаған кезде, студент үшін бір сәт түрлі мәдени шараларға да уақыт тауып, көңілденіп жүргені жақсы ғой, сірә. Қарашаның 28-і күні Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада «Кітапханадағы поэзия түні» әлеуметтік-мәдени акция аясында «Жауһар жыр планетасына түнгі саяхат» атты керемет іс-шара өтті. Аталмыш шара «Кітапхана шақырады, поэзия шақырады» атты лазерлік шоудан басталды. Негізгі мақсаты кітап оқуды насихаттау болғанымен, оған оқырманды тарту, қызықтыру жолдары өте тамаша ұйымдастырылды. Адамгершілік тәрбие мен рухани байлық, әлемді тану мен білімге жетелейтін орта жайы – бәрі де кітапханада екені жоғары эстетикалық талғаммен кітап құмар жандарға жеткізілді. Басқосуға елорданың шығармашылық және зиялы қауым, ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері, сонымен қатар жас ақындар, оқытушылар, кітапханашылар мен студенттер қатысты. Олардың қатарында ЕАГИ-дің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері де болды.

Биыл «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында Фариза Оңғарсынованың туындыларын қамтығандықтан, кітапханадағы поэзия түнінің жыр бөлімі көрнекті ақын шығармашылығына арналды. «Шаңырақ» этнографиялық залында Фариза Оңғарсынованың туған жері - «Манаш» аулы орныкса, музыкалық мейманжайда «Жүректерге бір жылу әкелейін...» атты жыр кеші өтті. Ақын апамыздың лирикасына арналған «Тартынбай сөйлер асылмын...» атты әдеби сайыс және «Қырмызы бояулар сөйлесін...» тақырыбындағы жас суретшілер аллеясы тәрізді шаралардың мазмұны да, маңызы да терең болды. Тағы бір зал да жасақталып, онда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Дарын» және «Серпер» жастар сыйлығының, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері Ақберген Елгезекпен сұхбат кеші жүріп жатты. Бәрін де көргіміз, бәріне де үлгергіміз-ақ келеді.

Ал «Жүректерге бір жылу әкелейін...» атты поэзия кеші Құманғазының «Адай» күйімен ашылды. Белгілі күйші Мұрат Өскенбаев атындағы республикалық конкурстың жеңімпазы Жұмабек Қадырқұлов және оның шәкірттері қазақ жүрегіне мәңгілік жазылған рухты күйді жоғары деңгейде орындады. «Домбыра party» кеші мен «Әдеби караоке» музыкалық шеруін тамашалап, «East — West» кварталында Үндістан, Франция, Корея елдерінің салт-дәстүрлері мен мәдениеті туралы мағлұматтар ала білдік. Ал «көркем әдебиет абонементі» залында әртүрлі жастағы оқырмандар қатысатын «Әдебиет әлемі» атты жүздесуде ең көп оқитын оқырмандарды марапаттау рәсімі болып, кітапхана қорынан ең үлкен кітап, ең кішкентай кітап, ең сирек кітап, ең жаңа кітап, т.б. ұсынылатын «Ең, ең, ең...» атты кітап көрмесі өтті.

Сондай-ақ жиналған көпшілік «Поэзиямен жұлдыз жорамал» бал ашу кешін тамашалап, осы бөлімнен оқырмандар өзі туралы біле алды. Поэзия мерекесі би марафонымен аяқталды. Бұл кеш ойдағыдай өтіп, барлық қауымның көңілінен шықты деп ойлаймын.

Ә. Садыр,
ҚТӘ-3-11 тобының студенті

# Түлектеріміз әлемдік жарыстарда топ жаруда

2013 жылғы 14-26 қазанда Алматы қаласының Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында бокстан ересектер арасындағы әлем чемпионаты өтті. Әлемнің 111 елінен келген былғары қолғап шеберлері қатысқан жарыста Қазақстан құрамасы толағай табыстарға жетті. Төрт алтын, екі күміс, екі қола медальды қоржынына салған біздің команда бірінші орынды иеленді. Команданың бұл жетістігінде 64 келі салмақта өнер көрсеткен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мерей Ақшаловтың үлесі зор болды. Барлық сайыстарда жеңіске жеткен Мерей әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Ақшалов Мерей 1988 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында дүниеге келген. Еуразия гуманитарлық институтын өткен жылы бітіріп, заңгер мамандығын алған. Қазақстан Республикасының, Азияның чемпионы, Пекиндегі олимпиадаға қатысқан, Болгарияда, Түркияда, Украинада өткен халықаралық турнирлердің жеңімпазы. АҚШ-та өткен әскерилер арасындағы чемпионатта әлем чемпионы атанған. «Астана-Арланс» командасы құрамында Дүниежүзілік бокс сериясы (WSB) кубогінің финалына қатысқан. Мерейдің бұл соңғы жеңісі





емес екендігіне сенеміз және Олимпиада биігінен көрінуіне тілектеспіз.

Аргентинаның Посадос қаласында 12-17 қарашада джу – джитсудан Әлем чемпионаты өтті. Отыз бес елдің спортшылары қатысқан бұл жарыста Қазақстанның командасы жергілікті шеберлерді ғана алға жіберіп, жүлделі екінші орынды иемденді. Әлем чемпионатында 77 келі салмақта өнер көрсеткен Еуразия гуманитарлық институтының құқықтану факультетінің түлегі Нұрсұлтан Ершуов алтыннан алқа тағып, әлем чемпионы атанды. Сондай-ақ ол халықаралық спорт шебері атағына қол жеткізді. Джу-джитсудың үш түрінен де, джу-джитсу subnmition, джу-джитсу kombat, джу-джитсу shi-ai, шаршы алаңға шыққан Нұрсұлтан әлем чемпионы атағын әкелген алтын медалімен қатар, ел қоржынына екі күміс медаль салды. Нұрсұлтан 1992 жылы Атырау облысы Жылы ой ауданында дүниеге келген. Ол біздің институтты биыл бітіріп заңгер мамандығын алған болатын. Сегіз қырлы жігіт өткен жылы «Институттың үздік студенті» атанған. Бұған дейін қоян қолтық күрес өнерінен Қазақстан спорт шеберлігіне кандидат атағын алған. Ол кикбокстан жастар арасында өткен Республикалық чемпионаттың күміс жүлдегері. Нұрсұлтан әдебиетті сүйіп оқиды, әңгімелері, өлеңдері өңірлік, республикалық басылымдарда жариялануда. Институт студенттерінің жинағына да Нұрсұлтанның өлеңдері енгізілген. Аргентинада әнұранымызды шырқатып, көк туымызды желбіреткен Нұрсұлтанды жеңістерімен шын жүректен құттықтап, әрқашан биіктерден көріне беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

Қ.С. Қалдыбаев,
мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы

# Болашақ бүгіннен басталады

1 желтоқсан күні баршамыз еліміз үшін елеулі оқиғалардың бірі – тұңғыш Президент күнін атап өттік. Бұл күннің мәні де, маңызы да ерекше. Қазақстан – даласы мен таулары биік өр, халқы мейірімді ғажайып өлке. Дегенмен, осы ғажайып өлкенің аз уақыт ішінде төрткүл дүние мойындайтын алпауыт елге айналуы, ең алдымен, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының жүргізіп отырған сара саясатының арқасы екендігін мойындау қажет.

Тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсан күні алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланды. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасының салиқалы саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақстан қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғаны, тұңғыш төл теңгеміздің шығуы, Семей атом полигонының жабылуы – бәрі де Елбасының тікелей араласуымен болды. Елбасы 1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан халқына берген антын тұтастай және толық орындай алды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әсіресе жаңа елорда - Астананы салғанын ерекше атап өту қажет. Еліміздің солтүстік бетінде әлем мойындаған, әсем де сәулетті, еліміздің жүрегі – ару Астана бой көтерді. Астанадағы әрбір сәулет, әрбір құрылыс Елбасының терең ойынан туындаған. Бұл қала өзінің әсем сәулет өнері үлгілерімен, сан алуан тарихи және мәдени ескерткіштерімен, сұлулығымен әлем назарын өзіне қаратып отыр. Әсем қаламыз Астананың жылдан-жылға жаңарып, көркеюіне Елбасымыздың қосқан үлесі орасан зор.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жастарға үлкен сенім артып, аға ұрпақ салып берген сара жолды, біздердің лайықты жалғастыратынымызға сенім білдіріп отыр. Осы орайда, біз де болашаққа нық сеніммен, үлкен үмітпен қараймыз. Баршаңызды осы айтулы мерекемен құттықтай отырып, еліміздің одан әрі көркеюі мен дамуы жолында бірге еңбек етуге шақырамыз.

ИК-1-4 тобының студенттері

# БІЛІМДІ ҰСТАЗ - БІЛІКТІ МАМАН

**Еуразия гуманитарлық институтының оқытушылары 2013 жылы ҚР-дың білім беру жүйесіндегі жетекші және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін көтеру республикалық институтының базасында біліктілікті көтеру курсынан өту мүмкіндігіне ие болды «Ұлттық біліктілікті көтеру орталығы» АҚ «Өрлеу».**

Институтымыздың алты қызметкері әртүрлі біліктілікті көтеру бағдарламаларына қатысты. Атап айтсақ, Қ.С. Қалдыбаев (мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы), Т.Н. Кемайкина (педагогика кафедрасы), С.Д. Кохович (шетел тілдері кафедрасы), А.Т. Сандыбаева (қазақ және орыс филологиясы кафедрасы).

Педагогика кафедрасының оқытушылары Қ.А. Мұхамбетова және С.М. Омарова ҚР-дың білім беру жүйесіндегі жетекші және республикалық ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін көтеру институтының базасында 2013 жылдың 21 қазаны мен 15 қарашасы аралығында біліктілікті көтеру курсынан өтті («Ұлттық біліктілікті көтеру орталығы» АҚ «Өрлеу»).

Біліктілікті көтеру қашықтан он-лайн білім беру негізінде жүргізілді («Өрлеу», Алматы, «Moodle» жүйесі, 2013 жылғы қазан) және Ньюкасл университетіндегі қысқа мерзімді оқу мен жалғасты (Тайндағы Ньюкасл, Ұлыбритания, ELTHE course, 2013 жылғы 7-15 қараша.).

Бағдарламаның мақсаты – ЖОО-ның педагогикалық мамандықтары оқытушыларының заманауи білім беру технологиясы саласындағы біліктілігін көтеру, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту.

Бағдарлама білім берудегі кәсіби қызметін жобалау және модельдеу қабілетін дамытуға, ғылыми зерттеулерде жаңа ақпараттық лектерді басқара алу қабілеттерін дамытуға бағытталған. Білім беру ағылшын тілінде жүргізілді.

Newcastle ELTHE білім беру бағдарламасы (Enhancing learning and teaching in higher education)

Осы курс негізінде аудиториялық сессиялар қолданылды (in-class training), виртуальды ресурстарды қолдана отырып он-лайн білім беру а Virtual Learning Environment, CourseSites және тыңдаушылардың өздік жұмыстары.

Негізгі әдістер: интерактивті дәрістер, презентациялар, топпен немесе жұппен жұмыс, жеке білім беру, он-лайн тренингтер, пікірталас, жобалар және кейс-стади.

Newcastle ELTHE курсының тақырыптары

- Білім беруді қолдау және бағалау (Assessing and promoting learning)
- Білім беруге арналған ақпараттар (Information for learning)
- Студенттерге білім беруге кіріспе. Эмоциональды интеллектпен білім беру (Introduction to student learning. Teaching with emotional intelligence)
- Он-лайн білім беру және білім беру технологиялары (Online learning & learning technology)
- Топтарда білім беру тәжірибесі мен принциптері (Principles and practice of teaching in groups)
- Кәсіби дамыту және жоспарлау (Professional development and action planning)
- Жобаларға жетекшілік ету (Project supervision)
- Академиялық жазу (Writing skills for academics)
- Интерактивті дәрістер (Interactive lecturing)
- Модульдер жасау (Module design)

Біліктілікті көтеру бағдарламасының нәтижесі бойынша Ньюкасл Университетінде (Ұлыбритания) Enhancing learning and teaching in higher education (ELTHE) курсынан өткендігі туралы сертификаттар алды.

Қ.А. Мұхамбетова,
педагогика кафедрасының доценті, әлеуметтік ғылымдар кандидаты

С.М. Омарова,
педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі

# ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

**2013 жылғы 29 қарашада қазақ және орыс филологиясы кафедрасы жанындағы «Аққу» әдеби-шығармашылық бірлестігі ұйымдастырған «Қазақ әдебиетіндегі Хан Абылай бейнесі» атты әдеби-танымдық сабақ өтті. Бұл игі шара қазақтың даңқты тұлғасы Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына орай өткізілді. Танымдық сабақты аға оқытушы Гүлназ Сағынадинқызы жүргізді.**



Кеш барысында қазақ және орыс филологиясы кафедрасының доценттері Қарлығаш Медетқызы Байтанасова, Жолдасбек Ормаханұлы Мәмбетов қазақ әдебиеті мен тарихындағы Абылай ханның рөлі, оның әдеби және тарихи тұрғыдан зерттелуі жөнінде сындарлы сөз сөйлеп, ұлы тұлғаны ұлықтауға арналған жаңа кітаптармен таныстырды. Доцент Жанар Қайратқызы Ахметова Абылай ханның мемлекет қайраткері ретінде сіңірген еңбегі жөнінде тың деректерді ұсынды.

Сондай-ақ танымдық сабаққа қатысушы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 және 4-курс студенттері өзіндік іздемпаздық пен әдеби әлемге қызығушылық денгейлерін көрсетті. Мәселен, 3-курс студенттері Дана Сайлаубекова, Кәмшат Сапарова, Мәншүк Тілейхан, Айзат Жакина, т.б. «Қазақ фольклорындағы Абылай хан бейнесі», «Қазақ прозасындағы Хан Абылай бейнесі», «Қазақ драматургиясы және Абылай хан», «Жыраулар поэзиясы және Абылай хан», т.б. тақырыптарда баяндамалар дайындаса, Қызжібек Сүлейменова, Жаннұр Байдрахманова Абылай ханның бейнесін сомдап, шалқар шабыттарына арқау еткен жыраулар мен ақындардың жырларын оқыды.

Осылайша өзара пікір алмасу, ой бөлісу соңында Абылай ханның өмірі мен тарихи жолын таразылаған деректі фильм көрсетілді.

Жалпы, әдеби сабақ студенттердің тарихи тұлғалар мен олардың әдебиеттегі орны жөніндегі білімі мен танымын кеңейтуде өз мақсатына жетті.

Қазақ елінің ұлт болып қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан Абылай есімі қашан да тарих аспанында жарқырай бермек. Өйткені дара тұлғаның өмір жолы халық жолымен қабысқан шақта, әдебиет және тарих жолымен табысқан шақта оған өлім жоқ, өмір шегі жоқ.

Г.С. Сағынадин,
аға оқытушы

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымның арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар қызу жүргізіле бастады. Өз басым қазақ халқының латын әліпбиіне көшуін жақтаушылардың бірімін. Латын әліпбиін қабылдау арқылы біз рухани, саяси дербестігімізді нығайта түсеріміз сөзсіз.**

Түркия өткен ғасырдың елуінші жылдарында мың жылдық арабша жазуы, тарихы бола тұра латын әліпбиіне көшті. Өздері көшіп қана қоймай, түбі бір түркі халықтарын да осы әліпбиге көшуге шақырды. Түркі жұртының барлығы да осы әліпбиге көшуді қолдады. Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан халқының бұл әліпбиге көшкеніне біршама уақыт болды. Түркі тектес елдердің біразы латын әліпбиіне өтіп болды деуімізге болады. Шетелдердегі отандастарымызбен қарым-қатынасты күшейте түсу үшін, Қазақ елінің ғана емес, дүниенің төрт бұрышында тарыдай шашырап жүрген қазақ әлемінің рухани тұтастығын қамтамасыз ету үшін латын әліпбиіне көшкеніміз дұрыс деп есептеймін.

Қазіргі уақытта латын әліпбиіне көшу - заман талабы десек болады. Бүкіл адамзаттың 60-70 пайызы латын әліпбиін қолданады. Техникалық құралдар да латын әліппесіне негізделген. Болашақта саяси-экономикалық, ғылыми және халықаралық тұрғыдан маңызды болып саналатын латын әліпбиіне көшу аса қиындық тудырмауы тиіс. Тарихымызға үңіле келсек, елімізде бір әліпбиден екінші әліпбиге көшудің бір емес, екі бірдей тәжірибесі бар. Мысалы, 1926 жылы Қазақстанда араб графикасынан латын әліпбиіне көшу 20 күннің ішінде жүзге асырылса, латын әліпбиінен бүгінгі кирилицаға көшу 1937 жылы басталып, үш жылдың ішінде аяқталған екен.

Бүгінде ғаламтор мен ұялы байланыстың пайдаланушылары латын әліпбиін қолданып та жүр. Әсіресе жастар арасында кең қолданылады. Күнделікті хат-хабарларымызды латын әліпбиімен жазамыз. Мен бүгінгі күні қызу талқыланып жатқан латын әліпбиіне көшу туралы мәселеге Қазақстан Республикасының азаматы ретінде және ертеңгі ел болашағын ойлайтын ұлтжанды ұрпақ ретінде өз көзқарасымды білдіргім келеді. Еліміздің ертеңі туралы жасалып жатқан қадамды құптаймын.

П. Мақсат,
ПМНОСК-3-1 тобының студенті

# *Преподаватели осваивают новые технологии*

***В целях дальнейшего внедрения новых технологий в учебный процесс и научно-исследовательскую работу кафедр отделом мониторинга и менеджмента качества образования совместно с компанией «Эльзевир» 5 декабря был проведен семинар-тренинг по теме «Введение и практическое применение лучших мировых ресурсов компании Elsevier: Science Direct, Scopus».***

В течение двух часов участники семинара-тренинга под руководством представителя компании знакомились с новациями в вопросах поиска информации по выбранной теме, навигации по системе Scopus, Science Direct, отслеживания цитирования по индексу Хирша, идентифицирования авторов и поиска информации о них.

Семинар-тренинг проводила ведущий специалист компании «Эльзевир» Индира Усентаева, являющаяся выпускницей нашего вуза 2009 год (специальность «Иностранный язык: два иностранных языка»). За прошедшие годы она окончила магистратуру Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по специальности "Переводческое дело». Участники семинара-тренинга в заключение встречи тепло поблагодарили Индиру Усентаеву.

Всем участникам семинара-тренинга вручены сертификаты.

П. Максат,
студентка группы ПМНОСК-3-1

# АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ...



**ҚТӘ-3-11 тобының студенттері «Хабар» телеарнасының «Біз» бағдарламасының кезекті шарасына қатысып қайтты.**

Тіл мәселесінде толас болмақ емес. Себебі ол халықпен бірге өмір сүреді. Сөйлеушісінен айырылған тіл өлі. Мәселен, латын тілі ғылыми лексиканың терминдік қабатын құрағанымен – өлі тіл. Өйткені жер бетінде латын халқының өзі әлімсақтан бері жоқ. Ал біз – қазақ халқы бармыз. Бар болған соң тіліміздің барын әрлеп, жоғын түгендеп отырамыз. Жуықта ғана ҚТӘ-3-11 тобының студенттері «Хабар» телеарнасының «Біз» бағдарламасының кезекті шарасына қатысып қайтты. Бұл жолы журналистер «Жарнамадағы қателіктер...» тақырыбын қозғады. Жас та болсақ, көп жайтты көкейімізге түйдік. Рас, әсіресе тіл дегенде ішкен асын жерге қоятын филология мамандығының студенттері үшін тіл жайы – қашан да көкейкесті мәселе. Жасыратыны жоқ, мемлекеттік тіліміз тұрақты әрі зор қамқорлықты қажет етеді. Жарнама тіліне бейжай қарауға болмас. Қала тұрғындарына ақпарат анық жетуі үшін, жарнама сауатты жазылуы керек. Бір әріптен не емледен жіберілген қателік адам тағдырын мүлде өзгертіп жіберуі әбден мүмкін (орыс тілі пукнтуациясындағы дәстүрлі мысалды әркім біледі деп ойлаймын). Әлі күнге дейін жарнама, мекеме атауларын дұрыс жаза алмай келеміз. Көшеде келе жатып, айналаға көз жүгіртсеңіз, тұнып тұрған қате жазулардан көз ашпайсыз. Қарап тұрсаңыз, барлығы ұқсас қателер жібереді. Әсіресе, қазақ тіліндегі жарнамаларда орфографиялық, стилистикалық, сондай-ақ аудармадан жіберілген қателіктер ұшырасып тұрады. Бұл келеңсіздік ел тіліне – өз тіліне мүлдем мән бермеуден, салғырттықтан болып жататыны анық. Қазақ тілінің төл әріптері сорлап тұр. Қателерге көз үйреніп кеткені соншалық, тіпті олар қоғам тарапынан дұрыс деп қабылданып, нормаға айналып бара жатқандай. Жарнамашылар қателіктерін өздерінен емес, өзгеден іздеп әлек. Қалай десек те, негізгі түйткіл тіл мамандарының сапасында ма деймін. Олар сауатты, білімді әрі табанды болуы тиіс. Әдеби тілдің нормаларын, емле-ережелерін жетік білсе, қай орта да тіл маманымен санасады, айтқанын тыңдайды, жазғанына сенеді. Сауаттылық – мәдениетіміздің басты белгісі. Телебағдарламаға қатысқан зиялы қауым өкілдері, тіл жанашырлары мен студент жастар және журналистер жалпы жұртшылыққа осы түйткіл сұрақты анық жеткізгендей.

Д. Сайлаубекова,
Қазақ және орыс филология кафедрасы жастар ісі комитетінің төрайымы

# ФИНАЛ ПРОЕКТА «ТАНЦУЙ! ТАНЦУЙ!»





***По инициативе Комитета по делам молодежи в нашем институте был впервые реализован проект «Танцуй! Танцуй!». В течение месяца преподаватели, сотрудники и студенты Евразийского гуманитарного института осваивали различные виды танцев под нашим руководством - хореографов проекта - тоже студентов ЕАГИ.***

5 декабря 2013 года в конференц-зале состоялся финал танцевального конкурса. В зале, как говорится, «негде было яблоку упасть»…. Участники проекта подарили присутствующим зрителям красивый праздник и яркие впечатления. По итогам командных соревнований первое место заняли: в номинации «Современные танцы» – кафедра экономических и математических дисциплин, в номинации «Латиноамериканская программа» – кафедра казахской и русской филологии, в номинации «Европейская программа» – кафедра педагогики, в номинации «Народные танцы» – кафедра государственно-правовых дисциплин». Гран-при проекта завоевала кафедра иностранных языков. Этот проект позволил нам, студентам, самореализоваться, подружиться с нашими сверстниками, обучающимся на других специальностях, восхититься многогранностью талантов своих преподавателей и даже…влюбиться!!!

Н. Жолдыбаев,
хореограф проекта «Танцуй! Танцуй!»,
студент группы ППС -3- 3







## Уақыт аламанында жастар...

Ойлайыншы не берді жастық маған?
Үйрет деп асау берді бастықпаған.
Жастық маған оқ берді жауыңды ат деп,
Жастық маған шоқ берді жалындат,- деп Мұқағали Мақатаев айтқандай, жастық дегеніміз - албырт, жалынды шақ. Әр адам қоғамда өз орнын табу үшін жастайынан биікке құштар болуы керек. Сондықтан армандамайынша, биікке шыға алмайды. Қазіргі заман жастары, қатар құрбы-құрдастарымның жаңаны білуге деген қарқыны өте күшті десем, қателеспеспін. XXI ғ. адамдарының қай-қайсысы болсын, қолды бос қойып жатпайды, талас пен тартыс уақытымен жүріп келеді. Сол жаңа уақытта еліміздің елдігі мен ерлігін сақтап қалу, ең алдымен, басқаның емес, жастардың қолында. «Заманына қарай адамы» дегендей, әр заманның жасы да ерекше болса керек. Демек, қандай бағыт екенін көрсетіп берсе болды, өз заманының үнін өз тілінде өз ортасына жеткізе білетін тағы да жастар. Бірақ «жаңа заман, жаңа заман» деп халқымыздың салт-санасын, әдет-ғұрпын естен шығарып алмауымыз керек. Қазақстанның азаматымын деген әр жас, ең бірінші, халқына деген адалдығын көрсететіні осы кез деймін. Қазақтың өте зерек халық екені баршаға мәлім. Жаңалықты тез игереміз. Бір шеңбердің ішінде ғана айналып жүрмей, сырт жақты да білуіміз керек. Біз, жастар әр нәрсеге үйірсек боламыз, сол себепті бағытымыз бен бағдарымыз дұрыс болғай. Болашақтың басшылары, яғни жастар бір орында тұрмай, заманнан шеткері қалмай, үнемі жаңаға құмар болып, ілгері қадам басуымыз өз қолымызда. Ең бірінші алға қойған мақсаттың бірі - білім болуы керек. Білім аламанынан қалмай, қазақы қалпымызды сақтай отыра, жаңа заман көшінен қалмай, көзіміз ашық, көкірегіміз ояу, бейбіт елдің ұландары, көк байрағымызды биікке желбіретіп, ынтымағы жарасқан Қазақстан да өз орнымызды ойып тұрып орын алып, халқымызға адал еңбек етіп, пайдамызды тигізу патриоттығымыз бен борышымыз болып саналады.

Н. Тырнахан,
Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы

## Студенттік пікірсайыс

Өткен ғасырдағы тоқсаныншы жылдардың басында еліміздің басшысы, ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев ел дамуындағы жастардың рөлінің үлкен екендігін көрсетіп, нарықтық экономикаға өту кезеңінде жастардың өзіндік пікірі мен азаматтық позициясын қалыптастыру маңыздылығын атап көрсеткен болатын. Сол кездері жастар саясатының бөлшегі ретінде пікірсайыс өнері, қазақ жеріне келген еді. Бүгінгі таңда пікірсайыс өнері жан-жақты дамып, жаңа сатыға көтерілді. Бүгін пікірсайыс тақырыптары қоғам өмірінің барлық салаларын: экономика, саясаттану, медицина, білім беру, халықаралық қатынастарды, тарихты т.б. қамтиды. Пікірсайысты студенттердің оқу орнынан кейінгі екінші, өзін-өзі жетілдіру мектебі деп айтсақ артық етпес.

М. Жуандық,
«VICTORIA-ЕАГИ» пікірсайыс
клубының жетекшісі

## ХАМИТЬ НЕЛЬЗЯ БЫТЬ ВЕЖЛИВЫМ. ГДЕ ПОСТАВИТЬ ЗАПЯТУЮ?

Не раз, встречаясь с хамским поведением людей, задумываюсь, а почему хамят? В чем причина столь «жгучей» агрессии? Почему большинство людей разучилось быть вежливыми и доброжелательными? Честно, ответить на эти вопросы я затрудняюсь.

Будучи человеком воспитанным, я всегда с непониманием относилась к грубиянам. Думаю, такие люди принципиально выжидают момент, чтобы показать свое истинное, «хамское» лицо.

Вспоминается случай, произошедший со мной несколько лет назад в торговом центре. Я вместе с сестрой решила купить себе обновку – босоножки. А что, впереди лето, вот я и решила порадовать себя покупкой. Итак, в одном из бутиков мне приглянулась пара красивых босоножек. Но, примерив их и сделав несколько шагов, поняла, что качество обуви заставляет задуматься. Пару минут находилась в раздумье: «А может на один сезон взять?». Неожиданно продавцы – молодые девушки, стали поторапливать меня - мол, скоро закрытие торгового центра, хотя времени было предостаточно. Поняв их недоброжелательный намек, я окончательно решила не совершать покупку, на что продавцы со злостью, а, может, и ненавистью «прошипели»:

- Вот ходят такие как вы, перемеряют обувь во всех бутиках и не покупают.

Я была в легком шоке от такого высказывания, поскольку я примерила всего лишь одну пару, а примерка просто необходима, я ведь не могу купить обувь наобум, но, видимо, этим «доброжелательным» продавцам этого не понять.

После услышанного мне захотелось ответить им таким же колким высказыванием. В тот момент будто что-то взбунтовалось во мне. Но опускаться на их уровень мне не хотелось, и я, молча, сдерживая эмоции, ушла из бутика.

А вот случай, приключившийся с одной моей знакомой. Вечернее время. Почти полный автобус. Голодные, уставшие люди едут домой после тяжелого рабочего дня. Автобус резко тормозит. Женщина (наверняка нечаянно) толкнула локтем мою знакомую. Ну ладно, бывает, не удержалась за поручень. Но нет, второй раз произошло то же самое: женщина снова толкает знакомую и даже не извиняется, на что моя знакомая выражает легкое недовольство, но в вежливой форме:

- Женщина, держитесь за поручень.

И тут началось «выпрыскивание яда хамства» со стороны той женщины:

- Да как ты смеешь мне такое говорить? Ты смотри, воспитали. Да я тебе в мамы, а нет, в бабушки гожусь (на самом деле женщина в мамы, и тем более в бабушки моей знакомой не годилась, так как грубиянка лишь лет на 8-10 была старше моей знакомой). Тоже мне хрупкая, не сломаешься!

Реакция знакомой была банальной: удивление. И, действительно, на простую просьбу держаться крепче за поручень она услышала сто пятьдесят слов в ответ, на это невозможно отреагировать спокойно, и какие железные нервы надо иметь! Моя знакомая не удержалась и тоже нагрубила в ответ, ведь по - хорошему хамы не понимают, им все надо объяснять на их языке, хамском.

…Что ж, можно много припоминать случаев грубого поведения людей, но не хочется ворошить в памяти неприятные и негативные моменты. А Вам, дорогой читатель, хочу сказать: «В любой ситуации, когда назревает конфликт, ведите себя максимально адекватно и…как, ни странно это звучит, доброжелательно, ведь добро обезоруживает».

Кстати, насчет запятой. Ее нужно ставить после слова «нельзя». Иначе никак. Увы.

С. Тулешева,
студентка группы ИЯ - 2-9.

## Хочу любить!

***Хочу встречать с тобой рассветы,***
***Хочу любить, хочу страдать.***
***Хочу я быть с тобою вместе***
***И не хочу тебя терять.***
***Хочу я быть с тобою рядом***
***Под этим ярким звездопадом.***
***Без слов тебя я понимаю,***
***И без тебя я весь сгораю.***
***Хочу я быть твоим героем,***
***Хочу пылать в твоей душе,***
***Хочу, чтоб ты была со мною***
***И в небесах, и на земле.***
***Хочу я провожать с тобой закаты***
***И любоваться звездным небом,***
***Хочу я слышать громы и раскаты,***
***Хочу я быть с тобою нежным.***
***Хочу, чтоб рядом ты была,***
***Хочу любить, хочу ласкать.***
***Моя любовь, моя мечта,***
***Такой, как ты,***
***На всей земле не отыскать!***
***Хочу дарить тебе цветы,***
***Хочу дарить любовь мою.***
***Ты словно ангел красоты.***
***Тебя одну лишь я люблю!***

Диас Зейноллов,
студент группы Юр-1-16

## Женские истории народа Казахстана. Итоги конкурса

***В октябре 2013 года кафедра педагогики объявила конкурс «Женские истории народа Казахстана» среди студентов специальностей «История», «Педагогика и методика начального обучения», «Основы права и экономики» и «Педагогика и психология».***

Этот конкурс дал возможность нашим студентам рассказать о женщинах нашей страны, поведать нам об их жизни, а может быть и провести своеобразное исследование, экскурс в прошлое или поразмышлять о женском будущем, тем самым внеся свой маленький вклад в формирование особой области знания – Женской истории – так, как это делается во всем мире – просто оглянувшись вокруг, отметив чью-то судьбу или рассказав то, чем давно хотелось поделиться.

И совсем неудивительно, что большинство историй было рассказано о самых близких женщинах – мамах и бабушках: сочинения стали своеобразным признанием их заслуг, каждодневного труда, да и просто любви к детям и внукам!

Студенты писали также об известных казахстанских женщинах: Саре Алпысовне Назарбаевой, Фариде Шариповой, Фаризе Онгарсыновой, Дариге Назарбаевой.

Мы выбрали пять лучших работ на казахском, русском и английском языках, которые будут опубликованы в течение учебного года в газете «Жас Ұрпақ».

### О МОЕЙ МАМЕ

Мать, мама… Это слово сразу возвращает меня к моему счастливому детству, к длинным дням и коротким ночам. Но для нее, родной, самой близкой, все было наоборот: и день быстро миновал, и ночка долго тянулась, так как, чуткая, она слышала каждый шорох своих детей. А нас в семье – семеро: шесть сестер и я, самый младший.

Для каждого из нас мать символизирует надежную защиту, надежный приют, она - хранительница домашнего очага, верный талисман всей нашей жизни. Со всеми проблемами мы сразу идем к маме. Наступают такие минуты, когда надо рассказать о том, что происходит в душе, самому близкому и понимающему человеку, который не прервет разговор, не будет смеяться, разделит с тобой и радость, и горе.

Для меня мама не только большая гордость, но и герой. В 2009 году мама награждена золотой медалью «Мать-героиня». Воспитать семерых детей нелегко, но я знаю, что мама справилась с этим. Центром нашей крепкой и дружной семьи, ее основой является именно мама. Благодаря ее каждодневным усилиям, мы уверенно идем по жизни, ставим цели и добиваемся их только потому, что она верит в каждого из нас.

Наша семья особенная, мой папа – казах, а мама - русская. Маму зовут Овчинникова Наталья Владимировна, она родилась 11 августа 1962 года в городе Шалкар Актюбинской области. Ее биография похожа на биографии многих женщин в Казахстане, но она и особенная – для нас! В 1979 году мама закончила школу и поступила в техникум пошива верхней женской одежды города Уральска, а в 1980 году вышла замуж за моего отца.

Почти всю свою жизнь мама посвятила детям, и не только своим. С 1980 по 1988 годы она работала воспитателем в детском саду №23 города Шалкар. С 1988 года и по сей день мама - хранительница спокойствия и уюта нашего большого дома. Мама была очень строгим воспитателем, и мы ей за это благодарны. Сегодня она воспитывает внуков, ведь все мои сестры замужем и имеют своих детей!

На протяжении долгих лет замужества мама усвоила все традиции и обычаи папиной семьи, нашего народа. Я думаю, что наша семья – это подлинно казахстанская семья, в которой воплотилось все лучшее, что присуще казахстанской земле: любовь к детям, открытость, взаимопонимание, строгость, честность и справедливость.

Ж. Берденов,
студент группы И-3-2

Газета Евразийского гуманитарного института
“Жас ұрпақ”

Регистрационное свидетельство
№ 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Выходит ежеквартально.

**Редактор:** Я. Оспанова
**Учредитель:** ректорат ЕАГИ
**Верстка:** А. Заркешева
**Тираж:** 500 экз.

**Адрес:** г. Астана, ул. Жумабаева, 3.
**E-mail:** eagi@list.ru

**www.egi.kz**